



ЖАС Урпақ

№ 01 (91),
2023 ж.
наурыз

Қош келдің, Наурыз!



16 наурызда А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтында Наурыз мейрамына арналған «Қош келдің, Наурыз» тақырыбында мерекелік концерт өтті.

Институт басшылығының атынан проректор, профессор С.С. Оспанов жиналған көпшілікті Наурыз мейрамымен құттықтап, бейбітшілік пен амандық тіледі.

Бұдан әрі тәрбие ісі жөніндегі проректор, профессор Я.Н. Оспанова және қазылар алқасының мүшелері көктемгі мерекеге арналған қабырға газеттері байқауының жеңімпаздарын марапаттады.

Мереке қонақтары «Қыз ұзату», «Келін түсіру», «Бесікке салу», «Баланы қырқынан шығару» және «Тұсау кесер» сияқты қазақтың ұлттық дәстүрлерін қамтитын театрландырылған қойылымды тамашалады.

Наурыз – жаңару мерекесі

Наурыз шығыс халықтарында жыл басы мерекесі ретінде тойланып, ерекше күн ретінде аталып өтеледі. Қазақ халқы да Наурыз мерекесін айрықша бағалап, оны жыл сайын тойлайды.

Ұлыс күні қазақ елі үшін ерқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киіп бір-бірімен қол алысып, амандасып, төс қағыстырып жақсы тілектер айтылады. Мерекеге арнап жеті түрлі дәннен наурыз көже дайындалады. Бұл күні жақсы тілек тілеу, құттықтау, көшірм жасау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақтар сондай жақсы өнегеден үлгі алған.

Наурыздың айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттық, мәрт-жомарттық,



ыл да заң пәндері кафедрасы ұлыстың ұлы күнін ерекше атап өтті. Ерекшелігі, мейрамды бір апталыққа жоспарлап, әр күн сайын іс-шаралар өткізіп отырды.

дастырылған концертінде кафедрамыз қыз ұзату дәстүрін көрсетті.

17 – наурыз «Құқытану» білім беру бағдарламасының студенттері арасында ұлттық ойындар жарысы өтті. Студенттер тоғызқұмалақ, қол күрес, арқан тартыс, бір көтеру сияқты ұлттық ойындарды көрсетті.

Көпұлтты мемлекетіміздегі түркітілдес ағайындардың әрқайсысы Наурызды өз салт-дәстүрлеріне сүйене отырып қарсы алады. Яғни, жаңа жылдың бастауы болған көктем мерекесін әр ұлт әрқалай тойлайды. Сол дәстүрге сәйкес, Наурыз тойлаудың апталығын қорытындылай келе, кафедрамыздың профессорлық-оқытушылық құрамы мен студенттерімен ұлыстың ұлы күнін әр халықтың дастарханын жайып, наурыз тойлауының ерекшеліктерін көрсетіп, наурызға арналған ән мен би, күйлері мен жырларынан шашу шашты.

Наурыз – жаңару мерекесі! Бұл мереке татулық пен бейбітшіліктің белгісі. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын ағайын!

А.Э. Тортаева,
заң пәндері кафедрасының
аға оқытушысы, заң
ғылымдарының магистрі,
аға куратор



Жыл басы – Наурыз

Жыл санау – халық даналығының бір тарауы. Осы жыл санау арқылы он екі жылдан қайырып отырады да, оны «жыл қайыру» деп атайды. Бұл тәсіл өткен жылдарды есептеуге де, адам жасын анықтауға да өте ыңғайлы әрі тағылымы бар тапқырлық есептік жүйе. Біріншісі он үш жылдан, одан кейінгілерін он екі жылдан есептеп, адам жасын да оңай шығарып ала береді. Сонда бір мүшел он үш, екі мүшел жиырма бес, үш мүшел отыз жеті, төрт мүшел қырық тоғыз, бес мүшел алпыс бір, алты мүшел жетпіс үш, жеті мүшел сексен бес жаста және солай жалғаса береді. Бұрынғы қариялар «алпыс бірдемін» немесе «жетпіс үштемін» демейді, «бес мүшелге толдым», «алты мүшелден астым» дейді екен. Жыл қайыру бойынша наурыз айында қоян жылы кіреді.

Наурыз мерекесінің ұлттымыз үшін, жалпы түркі әлемі үшін қандай маңызға ие екені баршамызға аян. Ұлттық бірегейлікті, ұлттық ерекшелікті, ұлттық үйлесімділіктің көрінісі осы Наурыз. Сан ғасыр бойы дәстүр сабақтастығын үзбей келе жатқан мерекені тойлау арқылы жастардың бойына ұлттық сана, ұлттық мінезді дарытатынымыз анық.

Ұлыс мерекесі деген ұландасыр той жасап, ішіп-жеп, ат шаптырып, сауық өткізу емес. Оның мән-мағынасы жас буынның ойына қазақтың ұлттық салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мәдениетін сіңдіруде.

Ата-бабамыз табиғаттану, жаратылыстану, адамтану, өзін-өзі тану деген үлкен ұғымдарды осы Наурыз мерекесінде жас ұрпаққа кеңінен таныстырып отырған. Балалардың үй аралап көже ішуі, оларға базарлық пен көрімдіктің берілуі ұлттық санаға әсер етеді.

Наурыз десе, жұрт тек қана ішіп-жеу мен ас мәзірін тілге тиек етеміз. Одан қалса, атам қазақ Алтыбақан тәуіп, ақсүйек ойнап қарсы алған дейтін сыңар жақтылы көзқарас бар. Әрине, 22 наурызда бұл дәстүрлі ойындар мен ас-тағамдар тарихтан бері жалғасып келе жатыр. Дей тұрғанмен, біз Наурыз тойының ең басты ерекшелігі қамқорлықтың, мейірімнің айы болғанын естен шығармауымыз қажет. Наурызды ізгі тілек, ізетті қамқорлықпен қарсы алу еді. Аталған мейірімділіктің айыны біз дұрыс бағытта тойлай білсек құба құп.

Осы аталған мәселені іске асыру мақсатында елімізде көптеген істер жасалуда. Наурыз мерекесін жаңғырту үшін мемлекеттік тұрғыдан да қолдау көрсетіліп келеді. Наурыз мерекесі елімізде 1998 жылдан бастап қайтадан ресми түрде атала бастады. 2001 жылы мемлекеттік мереке ретінде жарияланды.

Күн мен түннің теңеліп, жандүниені тірілкен, шаруаның бір малы екеу болып, арқабасы кеңіп, аққа аузы тиген, қытымыр қыстың ызғарынан құтылып, алдағы шуақты күндерден үміттендірген Наурыз

мерекесі Тәуелсіз еліміздің зор ықыласпен тойланатын нағыз халықтық сипаттағы салтанатына айналды. Бұл халқымыздың, тәуелсіздігіміздің ең негізгі тамырының бірі. 2010 жылдан бері Қазақстанда Наурыз мейрамы үш күн аралығында тойланып келеді.

Көктеммен бірге жаңа жыл, жыл басы өз-Наурыз да келіп жетті. Жер буырқанып, көңіл тасып, жаңарған өмір есігі ашылатын кез де келді. Ұлтымыз жаңа күннен, жаңа жылдан, жаңа жастан, тіпті жаңа заттан жақсылықтар күтетіні рас. Сондықтан келіп жеткен қоян жылы елімізге құтты, берекелі, несібелі болсын деп тілейміз. Әр шаңыраққа амандық, жарқын сәттер тілейміз.

Институтымыздың да қапыптасқан дәстүрі бойынша мерекені кең көлемде атап өтуіне, оның ұйымдастыру жұмыстарына кафедрамыз белсенді ат салысып келеді. Білім алушы жастардың бойына мейрамның басты құндылықтарын сіңіру басты назарда. Атаулы күндер мемлекет құраушы ұлттық дәстүрін, әдебиеті мен мәдениетін, жалпы ұлттық болмысын нығайтуға бағытталған.

Ұлы Дала Елі, жыл басы Наурыз құтты болсын!

Сұңқарбек Батанұлы,
қазақ және орыс
филологиясы кафедрасының
аға оқытушысы



қадір-қасиеттік нышан белгілері мен таным ұғымдарының үлгі түрлері өте көп. Оның барлығы әр адамды жоғары саналылыққа, әдептілікке, өнегелікке, бауырмалдыққа, көрегенділікке, ізгілікпен білімділікке баурайды. Наурыз мерекесін асыға күтетініміз, ерекше дайындалатынымыз содан болса керек.

Халқымыздың терең тарихынан сыр шертетін бұл мейрам салт-дәстүрімізді жаңғыртып, өткеніміз бен бүгінгімізді сабақтастыруда маңызы зор. Жыл сайынғы дәстүрді жалғастыра отыра, би-

13 – наурыздан бастап кафедра оқытушылары мен студенттері ұлттық нақыштағы киімдерін киіп жақсы көңіл күймен апталықты бастады.

14 – наурызда институт ішінде студенттер арасында Наурыз мерекесіне орай қабырға газеттерінің конкурсы өтіп, студенттеріміз жүлделі орындарға ие болды.

15 – наурызда ару студенттеріміз арасында «Бұрымды қыз» челленджі өтті.

16 – наурызда институттың Наурыз мерекесіне орай ұйым-



Студент дәптерінен

Мұң

Мұң торлады ең бойымды сеземін,
Өткен күннің естелігін кеземін.
Сансыз ойға батып кетсем болғаны,
Жанарымды іштей үнсіз еземін.

Кімге айтам, кімге шағам мұңымды,
Жоғалтып та алғандаймын құнымды.
Өз орныңды таба алмау өмірден,
Қиын екен, өмірдің бір қиыны.

Махаббатта, дос та кетті көңілден,
Таптағандай тұнығымды көрінген.
Әй, өлеңім серпілтіші бір көңілді,
Жалғыздықты қалайша мен сезінем?

Сен жайлы

Түсіме кірдің тағы да,
Бермедің маза жанымға.
Көңілден мүлде кетпедің,
Болмасаң да жанымда.

Жабырқап жүрек тулайды,
Жанымда көрмеу ол қайғы.
Ойламауға сен жайлы,
Болмайды екен болмайды.

Кезігіп қалсам сенімен,
Бақытты жандай сезінем.
Ботадай қара көзіңнен,
Белгісіз мұңды сезінгем...

Диас Төлеш,
ҚТ-22-01
1-курс студенті

ИТОГИ КОНКУРСА ЭССЕ «МОЯ ЛЮБИМАЯ КНИГА»

В Евразийском гуманитарном институте им. А. К. Кусаинова руководителем книжного клуба «Freeminds», студенткой группы ИЯ-21-01 Мариям Хайсиной был проведен конкурс эссе на тему: «Моя любимая книга».

По итогам конкурса места распределились следующим образом:

1 место – Юлия Харченко (студентка 2 курса образовательной программы «Иностранный язык: два иностранных языка», академическая группа ИЯ – 21-01);

2 место – Гани Салимжураров (студент 3 курса образовательной программы «Юриспруденция», академическая группа ЮР – 20-01);

3 место – Камилла Файзуллина (студентка 1 курса образовательной программы «Иностранный язык: два иностранных языка», академическая группа ШТ – 22-01).

Студенты, занявшие призовые места, были награждены грамотами и памятными призами. Также благодарственными письмами за участие в конкурсе были отмечены следующие студенты:



Марат Сейфуллин (студент 1 курса образовательной программы «Юриспруденция», академическая группа ЮК -22-01); Аружан Жумабаева (студентка 1 курса образовательной программы «Иностранный язык: два иностранных языка», академическая группа ШТ – 22-01); Алтана Ахметова (студентка 2 курса образовательной программы «Иностранный язык: два иностранных языка», академическая группа ИЯ – 21-01).

На страницах газеты размещаем эссе победителя конкурса Юлии Харченко.

Эссе на тему: «Моя любимая книга»

В мире существует очень большое количество хороших книг, написанных разными авторами в разные времена. Каждый человек может выбрать интересную для себя книгу из бесчисленного множества. Я думаю, что люди, которые читают книги, способны на многое. Ведь чтением мы совершенствуем свои знания, открываем для себя что-то новое, испытываем различные эмоции и чувства, а иногда учимся на ошибках и опыте героев произведений. «Человек, который читает книги, проживает тысячу жизней; тот, кто не читает, проживает лишь одну» - мне очень нравится это высказывание американского писателя Джорджа Мартина, я с ним полностью согласна. Я радуюсь победам главных героев и переживаю с ними каждое поражение, могу представить себя на их месте и не могу остаться равнодушной к их историям.

Выбрать только одну любимую книгу - очень непросто для меня. Почти в каждом жанре я могу найти интересное для себя творчество какого-либо писателя. Однако есть книги, с которыми нас связывают более теплые воспоминания, чем с другими. «Таинственный остров» французского писателя Жюль Верна - именно такая книга. Это история о приключениях пяти отважных товарищей и собаки по кличке Топ. Из-за Гражданской войны в США им приходится бежать из города Ричмонд, который был захвачен «Югом». В свое путешествие они отправляются на

воздушном шаре, однако из-за сильной бури вся команда терпит крушение и оказывается на неизвестном острове. Каждый из героев уникален, поскольку их навыки и умения оказались в этой ситуации незаменимы. Сайрес Смит - очень умный и талантливый инженер, он является моим любимым персонажем этого романа, поскольку показывает себя действительно очень благородным человеком, а его знания в области инженерии не раз выручали друзей и сделали их жизнь на острове намного проще. Его собака Топ также является важным героем романа, поскольку её преданность и любовь спасают хозяину жизнь.

Эту книгу я прочитала давно, с нее началась моя любовь к жанру приключений. Я и сегодня иногда ее перечитываю. Она привлекает читателя не только интересным сюжетом, но и снабжает его многими научными знаниями; данная отличительная особенность присуща всем книгам Жюль Верна. Писатель прекрасно показал всю трудность сложившейся ситуации, но что самое главное, он дал понять, что она не безвыходна, и что человек способен справиться с ней при помощи своих знаний, умений и помощи преданных друзей. Один из героев произведения сказал, что нужда - лучший учитель в мире. В таком случае, я думаю, что человек, познавший нужду, - лучший ученик.

Спорт денсаулық – кепілі



Спорт адамның өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Сондықтан біздің өлімізде бұқаралық дене шынықтыру қозғалысының дамуына үнемі көңіл бөлініп келеді.

Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, шыдамды, шымыр болады. Біздің ата-бабаларымыз «тәні саудың – жаны сау» немесе «бірінші байлық-денсаулық» деп бекер айтпаған.

Денсаулығымыз мықты болу үшін мынадай төрт шартты бұлжытпай орындау қажет. Олар: дене еңбегі, тамақты уақтылы ішуді, уақытты дұрыс пайдалану, шынығу және демала білу. Оның бесінші шарты – бақытты өмір сүру!

«Тазалық – саулық негізі, саулық байлық негізі» деп бекер айтпаса керек. Гүлденген эканомиканы дені сау, саналы азаматтар жасайды. Салауатты өмір салтын қалыптастыру, насихаттау шараларын белсендірек жүргізіміз абзал.

Әрбір мектепте, жоғары оқу орнында спорттық сайыстар, түрлі үйірмелер мен жарыстар жиі ұйымдастырылып отырады. Біздің «Қаржы» оқу бағдарламасының

2-3 курс студенттері 2022 жылғы 6 қазанда ЕАГИ спорт клубы, ЕАГИ студенттік Парламентінің Спорт және салауатты өмір салты фракциясы, Жастар істері комитеті Астана қаласы полиция департаментінің басқармасымен бірлесіп оқытушылар мен студенттер арасында волейболдан өткізілген турнир жарысына белсене қатысты.

Сондай-ақ, жақында А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтында ЕАГИ спорт клубы, ЕАГИ Студенттік Парламентінің спорт және салауатты өмір салты фракциясы, Жастар ісі жөніндегі комитет Астана қаласы Полиция департаментінің Есірті қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасымен бірлесіп, ЕАГИ ректорының кубогына волейболдан студенттік турнир өтті. Оған С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Esil University, дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясы (АРЕМС), «ЕАГИ Жоғары колледжі» мекемелерінен командалар қатысты. Табанды күресте екінші орынды алдық. Әсіресе, турнирге «Эки-

паж» командасы «Қаржы» оқу бағдарламасының студенттері Бекжан Ерғара, Гульден Сайлауова, Ерасыл Жомартов, Ержан Калыбеков, Александр Черепановтар белсенді қатысты.

Осындай әртүрлі турнирлер - салауатты өмір салтын насихаттаудың, сондай-ақ студенттер арасында достық және командалық рухты нығайтудың жарқын үлгісі болады.

Спорт – қоғамдағы жалпы мәдениеттің бір бөлігі, адамның дене қабілеттерін дамыту мен денсаулығын нығайтуға бағытталған әлеуметтік қызметтің бір саласы. Жастардың жан-жақты дамуын спортсыз елестету мүмкін емес.

Бір сөзбен айтқанда, спорт – тәрбие атаулының бастауы. Оның түп қазығы – қозғалыс, ал қозғалыссыз тіршілік жоқ.

Бекжан Ерғара,
Гульден Сайлауова,
Ерасыл Жомартов
ҚТ-21-01 тобының студенттері

СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТТІҢ ПРЕЗИДЕНТІН САЙЛАУ



2023 жылғы 10 наурызда А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтында Студенттік Парламенттің президентін сайлауы өтті. ЕАГИ қызметкерлері, оқытушылары мен студенттері кандидаттарға ұйымшылдықпен дауыс берді. Сайлауға 2 кандидат ұсынылды. Нәтижесінде «Құқықтану» білім беру бағдарламасының 3 курс студенті Гани Сәлімжураров жеңіске жетті.

Парламент оқу процесін ұйымдастыру мәселелерін шешуге қажет болған жағдайда білім беру ұйымының түрлі алқалы органдарының отырыстарына қатысады.

Айгерім Абылдина,
Жастар ісі комитетінің
теріғасы



Газета Евразийского гуманитарного института им. А.К. Кусаинова «Жас ұрпақ»
Учредитель: ректорат ЕАГИ

Регистрационное свидетельство № 992-Г от 19.12.1999 г.
Выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

Редактор: Я. Оспанова
Верстка: А. Заркешева
Тираж: 500 экз.
Газет тоқсан сайын шығады.
Выходит ежеквартально.

Адрес:
г. Астана, пр. Жумабаева, 4.
E-mail: eagi@list.ru
www.eagi.edu.kz